

«14» қараша 2016 ж.

пресс-релиз

Сбербанк КазЭкспортГарантпен бірге қазақстандық экспорттаушы компанияларға қолдау көрсетеді

«Сбербанк» АҚ ЕБ және Бәйтерек холдингінің еншілес ұйымы «КазЭкспортГарант» АҚ экспорттаушыларды қолдау бағдарламасының аясында ынтымақтастық туралы келісім жасады.

Аталмыш бағдарлама аясында Сбербанк алкогольсіз сусындарды өндіру үшін және Ресейге экспорттау үшін «Арасан» фирмасы» ЖШС-ға экспорттауға дейін қаржы ұсыну арқылы бірінші жобаны қаржыландырды. Компания Қостанай облысының ірі өндірушілерінің бірі болып табылады. 30%-нан астам өнімі экспортталады.

«Сбербанк сыртқы экономикалық қызметтерге банктік қызметтер көрсету бойынша жетекші орында, сонымен қатар біз әрқашан клиенттерімізде қызықты әрі тиімді шешімдер ұсынуға тырысамыз. Бұл біз үшін «КазЭкспортГарант» АҚ-мен бірге қазақстандық экспортты қаржыландырудағы алғашқы тәжірибеміз. Бұл ынтымақтастығымыз ұзақ мерзімді әрі жемісті болады деген үміттеміз», - деп атап өтті Ельдар Тенизбаев, «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының орынбасары.

Қаржыландыру бағдарламасы қазақстандық өндірушілерге-экспорттаушыларға тауарларды өндіру үшін және экспорттау үшін тиімді шарттарда айналымдағы қаражат алуға, сонымен қатар экспорттық келісімшарттар бойынша төлемді кейінге қалдыруды сақтандыруға мүмкіндік береді. Қаржыландырудың максималды мөлшерлемесі 10,25%-ды құрайды.

Экспорттаушылар аталмыш құралдарды қолдана отыра, айналымдағы капиталына ешқандай нұқсан келтірместен, өз сатып алушыларына төлем жүргізу уақытын кейінге шегеру мүмкіндігін бере алады. Бұл өткізу нарығын кеңейтуде және экспорт көлемін ұлғайтуда септігін тигізетін болады.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ қазақстандық экспорттаушыларды қолдау үшін өзінің «КазЭкспортГарант» еншілес ұйымының жарғылық капиталын 14 миллиард теңгеге дейін ұлғайтты. 6 миллиард теңге экспортқа дейін қаржыландыруға бағытталса, 8 миллиард теңге сауданы қаржыландыруға бағытталатын болады.

Анықтама:

«Сбербанк» АҚ ЕБ халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк 10 жыл бойы Қазақстанның қаржылық нарығында табысты еңбек етуде. Қазақстанның барлық ЕДБ арасында активтер мөлшері бойынша 4-орында. Қазіргі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің 16-сы филиал болып табылатын 91 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар. Банктің Орталық офісі Алматы қаласында орналасқан.

«КазЭкспортГарант» АҚ «Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» ретінде 2003 жылдың 12 мамырында құрылды. 2010 жылдың қыркүйек айынан бастап атауы «КазЭкспортГарант» экспорттық кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ –ға өзгертілді. Бүгінгі таңда бұл 100% акциясы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдинг» АҚ-ға тиесілі ұлттық дамыту институты болып табылады. «КазЭкспортГарант» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен берілген лицензияға сай жүргізеді. Корпорацияның миссиясы – шикізат емес тауарларды экспорттауды арттыру, экономиканың басым секторларында жұмыстар мен қызметтерді қолдау, қаржылық-сақтандыру тәжірибесі мен қазақстандық кәсіпорындарды қаржылық емес қолдауды құру.

Қосымша ақпарат алу үшін келесі тұлғаларға хабарласа аласыз:

«Сбербанк» АҚ ЕБ
Екатерина Купреева
+7 (727) 266 35 68 (ішкі 502499)
Ұялы тел.:+7 702 18 16 127
e-mail: yekaterina.kupreeva@sberbank.kz

Евгений Круглик
+7 (727) 266 35 68 (ішкі 501237)
Ұялы тел.:+7 707 75 00 681
e-mail: yevgeniy.kruglik@sberbank.kz
www.sberbank.kz